

ЖАЛҒЫЗ ҚҰРЫЛТАЙШЫНЫҢ
ШЕШІМІМЕН
БЕКІТІЛГЕН
2013 жылдың «05» маусымы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
МЕДЕУ АУДАНЫҚ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
ЗАҢДЫ ТҮЛҒА МӘМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУДЕН
2013 ж. «19» 06 өткізілді
№ 3343-1910-06-АҚ(ШҚ)
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ МЕДЕУСКОГО РАЙОНА
ПРОИЗВЕДЕНА ГОСУДАРСТВЕННАЯ РЕГИСТРАЦИЯ
ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА
«19» 06 2013 г.
свидетельство № 3343-1910-06-АО (ЧУ)
БСН/БИН 130640014700

«Аман Мунай Эксплорэйшн»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ЖАРҒЫСЫ

**«Аман Мунай Эксплорэйшн»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ЖАРҒЫСЫ**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 ҰҒЫМДАР

«Аффилирлі тұлға» дегеніміз жеке немесе заңды тұлға (оларға берілген уәкілеттер аясында, бақылау және қадағалау қызметтерін атқаратын мемлекеттік органдардан басқа), тікелей және/немесе жанамалы шешімдерді анықтау мүмкіндігі бар және/немесе басқа тұлға қабылдайтын шешімдерге, соның ішінде бекітілетін мәмілеге қатысты, ықпал ететін мүмкіндігі бар. Аффилирлі тұлғалардың тізілімі АҚ-дар туралы Заңда анықталған.

«Активтер» дегеніміз Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарындағы ұғыммен сәйкес келетін активтерді білдіреді.

«Аудиторлар» дегеніміз тәуелсіз авторитетті білікті аудиторлық фирманы білдіреді.

«Билік органдары» дегеніміз Қазақстан Республикасының республикалық, жергілікті және басқа мемлекеттік органдары, соттары және регулятивті органдары.

«Кеңес» немесе **«Директорлар кеңесі»** дегеніміз Қоғамның директорлар кеңесін білдіреді, осы Жарғының 7.2. бабына сәйкес құрылған.

«Шаруашылық қызмет» немесе **«Қызмет»** дегеніміз Қоғамның кез-келген шаруашылық қызметін білдіреді, осы Жарғының 4.1. бабына сәйкес атқарылатын.

«Төраға» дегеніміз Директорлар кеңесінің төрағасы, оны Директорлар осы Жарғының 7.5. бабына сәйкес сайлайды.

«Жарғы» дегеніміз Қоғамның осы жарғысы, Жалғыз Акционер бекіткен және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген.

«Комитет» немесе **«Комитеттер»** дегеніміз Директорлар кеңесінің комитеті(-тері), осы Жарғының 8.1. бабына сәйкес, осы Жарғымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен құрылған.

«Эксперт» дегеніміз нақты Комитетте жұмыс істейтін қажетті кәсіби білімі бар тұлға.

«Қарапайым акциялар» дегеніміз Қоғам шығарған қарапайым акциялар.

«Қоғам» дегеніміз осы Жарғыға және Заңнамаға сәйкес Құрылтайшы құрған, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде «Аман Мунай Эксплорэйшн» АҚ-ы атымен тіркелген акционерлік қоғам.

«Салым» немесе «Салым салу» дегеніміз Жарғылық капиталға Активтерді салу немесе ондай салымдарды Жалғыз Құрылтайшы қабылдаған міндетті атқару немесе қабылдау, сонымен қатар сондай беруге немесе міндетке беруге тиісті Активтер.

«Тіркелу күні» дегеніміз Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі берген, Қоғамның акционерлік қоғам түрінде заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелу туралы куәлігінде көрсетілген күн.

«Директор» дегеніміз Директорлар кеңесінің мүшесі.

«Бекіту күні» дегеніміз осы Жарғының басында көрсетілген қол қою күні.

«Атқарушы орган» немесе «Бас директор» дегеніміз Қоғамның жекебилікті атқарушы органы, осы жарғының 9.1. бабына сәйкес қабылданған.

«Қаржы жылы» дегеніміз Қоғамның қаржы жылы, ол күнтізбелік жылдың қаңтарының 1-нен желтоқсанының 31-не дейін созылады.

«Форс-мажор» дегеніміз Жалғыз Акционердің саналы бақылауынан тыс орын алған оқиға немесе жағдай, немесе оның әсеріне тап болған, ол Жалғыз Акционер осы Жарғыға сәйкес өз міндеттерін атқаруын тоқтатады немесе кедергі болады, соның ішінде, мысалға, бірақ шектелу мақсатында емес: табиғи апаттар, соғыстар, лаңкестік актілер, қоғамдық тәртіпсіздіктер, катастрофалар, Шаруашылық қызметке кері әсерін тигізетін мемлекеттік органдар қабылдаған актілер, шешімдер және кез-келген сипаттағы және атаудағы шаралар немесе Заңнамадағы өзгерістер (немесе қолданыстағы Заңнаманы қолдану тәртібіндегі өзгерістер).

«Құрылтай құжаттары» дегеніміз Қоғамның Жарғысы.

«Құрылтайшы» дегеніміз Қоғамның Жалғыз Акционері.

«Рұқсат құжаттары» дегеніміз Заңнамаға сәйкес билік органдары заңды беретін лицензиялар, рұқсаттар, келісімдер, бекітулер немесе басқа санкциялар.

«Тәуелсіз директор» дегеніміз Директорлар кеңесінің мүшесі, ол Қоғамның аффилирлі тұлғасы емес және Директорлар кеңесіне сайланудың алдындағы соңғы 3 (үш) жылда ондай тұлға болмаған, Қоғамның Аффилирлі тұлғаларына қатысты аффилирлі тұлға болып табылмайды; өзінің бағынысты қатысымен Қоғамның лауазымды тұлғаларымен немесе Қоғамның Аффилирлі тұлғасы болып есептелетін ұйымдармен байланысы жоқ және Директорлар кеңесіне сайланудың алдындағы соңғы 3 (үш) жылда ондай тұлғалармен бағыныста болмаған; мемлекеттік қызметкер болып табылмайтын; Қоғамның басқару органдарының жиналыстарында Акционердің өкілі болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне сайланудың алдындағы соңғы 3 (үш) жылда ондай өкіл болмаған; аудиторлық ұйымның құрамында аудитор ретінде Қоғамның аудитіне қатыспайтын және Директорлар кеңесіне сайланудың алдындағы соңғы 3 (үш) жылда ондай аудитке қатыспаған.

«Бастапқы жарғылық капитал» дегеніміз барлық Қарапайым акциялардың жалпы бастапқы құнын білдіреді.

«Ішкі құжаттар» дегеніміз Жарғыға сәйкес бекітілген және Қоғамның қызметін реттейтін құжаттар, соның ішінде Қоғамның Директорлар кеңесінің және Комитеттерінің қызметін регламенттейтін құжаттар, сауданы өткізу және құпия мәселелерін реттейтін Қоғамның бағалы қағаздарына жазылу шарттары мен тәртібін реттейтін және басқа мәселелерді реттейтін құжаттар.

«АҚ туралы Заң» дегеніміз Қазақстан Республикасының 2003 ж.13 мамырындағы №415-ІІ «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы.

«Заңнама» дегеніміз Қазақстан Республикасындағы нормативтік-құқықтық актілер күшіне ие барлық заңдар, қаулылар, үкімдер, ережелер, нұсқаулар, шешімдер, актілер, бұйрықтар және құжаттар.

«Ірі мәміле» дегеніміз (i) АҚ-дар туралы заңмен «ірі мәміле» ретінде сипатталатын мәміле; (ii) мәміле немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығы, оның нәтижесінде Қоғам Активтер сатып алады немесе сатады, ол Активтердің құны Қоғам Активтерінің баланстық құнының жалпы көлемінің 10 (он) және одан көп пайызын құраса; (iii) мәміле немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығы, оның нәтижесінде (нәтижелерінде) Қоғам өзінің орналастырылған бір түрдегі бағалы қағаздарын Қоғамның бағалы қағаздарының жалпы санынан 10 (он) немесе одан көп пайызын құрайтын, сатып алатын болса.

«Тапсырма» дегеніміз кез-келген Билік органдарының бұйрығы, шешімі, үкімі, ескертуі немесе тапсырмасы.

«Тұлға» дегеніміз кез-келген жеке тұлға немесе фирма, акционерлік қоғам, корпорация, серіктестік, ассоциация, трест, одақ немесе түрлі Билік органдары, мейлі заңды тұлға болсын, мейлі болмасын.

«Тіркеуші» дегеніміз «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ, ол Заңнамаға және Құрылтай құжаттарына сәйкес, мердігерлер мен цессионарийлерді қоса, Қоғам акционерлерінің тізілімін жүргізуге уәкілетті.

«Мүдделі мәміле» дегеніміз мәміле: (i) ол мәміледе Қоғамның Аффилірлі тұлғасы ондай мәміленің тарапы болып табылады немесе ол мәмілеге делдал ретінде қатысады; немесе (ii) Қоғамның Аффилірлі тұлғасы ондай мәміледегі өзге тараптың аффилірлі тұлғасы болып табылады немесе ондай мәміледегі тараптың делдалы ретінде қатысады.

«Қарапайым көпшілік» дегеніміз құқылы дауыстардың 50 (елу) пайызынан астамын білдіруі.

«Білікті көпшілік» дегеніміз құқылы дауыстардың 75 (жетпіс бес) пайызынан астамын білдіруі.

«Жалғыз Акционер» дегеніміз Қоғамның Құрылтайшысы, оның мердігерлерін және цессионарийлерін білдіреді.

1.2 Қоғам Заңнамаға сәйкес құрылады және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, АҚ-дар туралы Заңға, Құрылтай құжаттарына сәйкес әрекет етеді.

1.3 Қоғамның толық атауы:

мемлекеттік тілде: «Аман Мунай Эксплорэйшн» Акционерлік Қоғамы
орыс тілінде: Акционерное Общество «Аман Мунай Эксплорэйшн»
ағылшын тілінде: «Aman Munai Exploration» Joint Stock Company

1.4 Қоғамның қысқартылған атауы:

мемлекеттік тілде: «Аман Мунай Эксплорэйшн» АҚ
орыс тілінде: АО «Аман Мунай Эксплорэйшн»
ағылшын тілінде: «Aman Munai Exploration» JSC

1.5 Қоғамның және оның Атқарушы органының орналасқан жері (мекен-жайы):
Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қ., Достық даңғ., 117/6, 6 қабат

1.6 Осы Жарғының және оған сәйкес құрылған Қоғамның әрекет ету мерзімі шектелмеген.

2. ҚОҒАМНЫҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

2.1 Қоғам Тіркелу күнінен бастап акционерлік қоғам құқықтарын иеленеді.

2.2 Қоғам Заңнама, Құрылтай құжаттары, Жалғыз Акционердің Ішкі құжаттары және шешімдері негізінде әрекет етеді. Шаруашылық қызметі Тіркелу күнінде басталады, Шаруашылық қызметтердің кейбір түрінен басқа, егер олардың атқарылуына Заңнама бойынша Рұқсат құжатын алу талап етілсе және ол қызметтер тек ондай Рұқсат құжатын алғаннан кейін ғана атқарылатын болса.

2.3 Қоғам өзінің жеке балансына, банктік есеп-шотына және мөріне ие. Қоғамның мөрінде шетел тілінде тіркелген атауы, тауар белгісі, символы, логотипі немесе өзге ерекшелік белгісі жазылуы мүмкін.

2.4 Қоғам өз қызметінің мақсаттарына жету үшін келесіні атқаруға құқылы: мәмілелер бекітуге, мүлікті меншікке алуға, міндеттер алуға, сотта талапкер және жауапкер болуға және Заңнамаға сәйкес басқа да құқықтарды атқаруға.

2.5 Қоғам Қазақстан Республикасында және одан тыс жерде Директорлар кеңесінің шешімімен филиалдар мен өкілдіктер ашуға және Заңнама мен Құрылтай құжаттарына сәйкес олардың қызметін ұйымдастыруға құқылы. Қоғамның филиалдары және өкілдіктері Директорлар кеңесі бекіткен ондай филиалдар және өкілдіктер туралы ережелерге сәйкес әрекет етеді.

2.6 Қоғам Заңнамаға және осы Жарғыға сәйкес басқа заңды тұлғаларды құруға және олардың қызметіне қатысуға құқылы.

2.7 Қоғам өзінің міндеттері бойынша жауапты және өзінің Жалғыз Акционерінің міндеттері бойынша жауапты емес. Жалғыз Акционер Қоғамның міндеттері бойынша жауапты емес, Заңнамамен көзделген жағдайлардан басқа.

28 Қоғам өзінің қызметін атқарады, Қаржылық Есептіліктің Халықаралық Стандарттарына сәйкес өзінің бухгалтерлік және қаржылық құжаттамасын және есептілігін жүргізеді.

29 Қоғам Заңнамаға сәйкес бағалы қағаздар шығаруға құқылы.

3 ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

3.1 Жалғыз Акционер құқылы:

3.1.1 Жарғыға және Заңнамаға сәйкес Қоғамды басқаруға және қызметіне қатысуға;

3.1.2 Заңнамаға, осы Жарғыға және Жалғыз Акционердің шешімдеріне сәйкес дивидендтер алуға;

3.1.3 Осы Жарғыда анықталған тәртіпте Қоғамның қызметі қатысты, бухгалтерлік және басқа құжаттарына қатысты түрлі тәсілмен (аудит, жазбаша және ауызша сұранымдар, т.б.) ақпарат алуға;

3.1.4 Тіркеушіден және акциларға меншік құқығын растайтын тиісті акцияларды бастапқы ұстаушыдан көшірмелер алуға;

3.1.5 Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауға;

3.1.6 Заңнамаға сәйкес өзіне тиесілі акцияларын және Қоғамның басқа да бағалы қағаздарын басқаруға;

3.1.7 Қоғамды басқару органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібінде даулауға;

3.1.8 АҚ-дар туралы Заңмен көзделген жағдайларда өз атынан Қоғамның лауазымды тұлғалары Қоғамға келтірген шығындарын өтеуіне қатысты талабымен сот органдарына жүгінуге, және Қоғамның лауазымды тұлғалары және/немесе олардың Аффилірлі тұлғалары Ірі мәмілелер және/немесе мүдделі мәмілелер бекіту туралы шешім қабылдау нәтижесінде түскен пайданы Қоғамға қайтаруын талап етуге;

3.1.9 Қоғамның қызметіне қатысты Қоғамға жазбаша сұраныстар жасауға және ол сұраныстарға Қоғамға түскен сұраныстың күнінен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн аралығында негізделген жауап алуға;

3.1.10 Қоғам таратылған жағдайда Қоғам мүлкінің бөлігін иемденуге;

3.1.11 Заңнамаға сәйкес акциялар айналымындағы Қоғамның акцияларын және басқа бағалы қағаздарын сатып алуда үстемділікке ие болуға;

3.1.12 Заңнамамен және Құрылтай құжаттарымен көзделген түрлі басқа құқықтарды иеленуге және жүзеге асыруға.

3.2 Жалғыз Акционер аталғандарға қоса Жалғыз Акционер келесіге құқылы:

3.2.1 Директорлар кеңесіне күнтізбелік қосымша сұрақтарды енгізуді ұсынуға;

3.2.2 Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

3.2.3 Жалғыз Акционер есебінен аудиторлық ұйым Қоғамның аудитін жүргізуді талап етуге.

3.3 Жалғыз Акционер Заңнамамен, Құрылтай құжаттарымен көзделген басқа да құқықтарға ие. Осы Жарғының 3.1 және 3.2. баптарында көрсетілген құқықтарды шектеу заңсыз деп табылады.

3.4 Жалғыз Акционер міндетті:

3.4.1 Заңнаманың және Жарғының талаптарын ұстануға;

3.4.2 Қоғамның акцияларын төлеуге;

3.4.3 Қоғамның тіркеушісін және Жалғыз Акционерге тиесілі акциялардың бастапқы ұстаушысын 10 (он) күн аралығында Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімінің жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгеруі туралы хабардар етуге;

3.4.4 Қоғам және оның қызметіне қатысты коммерциялық құпия, немесе Заңнамамен қорғалатын құпия болатын мәліметтерді жарияламауға;

3.4.5 Құрылтай құжаттарымен және Заңнамамен анықталғандай міндеттерді қабылдауға және атқаруға.

4. ҚОҒАМНЫҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІ

4.1 Қоғамның мақсаты, осы Жарғыға және Заңнамаға сәйкес, Қазақстан Республикасында шаруашылық қызметтен пайда табу. Мақсатқа жету үшін Қоғам Шаруашылық қызметті жүзеге асыру арқылы Заңнамамен рұқсат етілген келесі төмендегі негізгі қызметтерді жүзеге асырады, тек онымен шектелмей:

4.1.1 Холдинг қызметі: Қазақстан Республикасындағы көмірсутекті активтерді бақылау және басқару;

4.1.2 Энергетикалық кешендерді дамытудың перспективті жобаларын әзірлеу және жүзеге асыру, олардың орындалуына бақылау жасау;

4.1.3 Көтерме және бөлшек сауданы ұйымдастыру;

4.1.4 Ғылыми-техникалық, өндіріс экологиясы және әлеуметтік бағдарламалар саласында стратегия мен тактика қалыптастыру;

4.1.5 Өкілеттік қызмет, маркетинг, инжиниринг;

4.1.6 Жүкті теміржолмен және басқа көлікпен тасымалдау;

4.1.7 Көмірді өндіру және сатуға қажет машиналарға, қондырғыларға және оның бөлшектеріне қызмет көрсету және жөндеу;

4.1.8 Кәсіпорынның қызметкерлерін Өндіріс Қауіпсіздігі және Еңбекті қорғау саласында оқыту, кәсіби даярлау, қайтадаярлау және біліктілікті жоғарлату, қажет болса оқыту бағдарламаларын әзірлеу;

4.1.9 Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сыртқыэкономикалық қызмет атқару;

4.1.10 Коммерциялық қызметті басқару бойынша қызметтер;

4.1.11 Инвестициялық жобаларды дайындау және басқару;

4.1.12 Инвестиция тарту және инвестициялық қызмет;

4.1.13 Консультациялық, ақпараттық және аналитикалық қызметтер ұсыну;

4.1.14 Жалғыз Акционердің шешімімен Заңнамаға сәйкес кез-келген банкте теңгеде және басқа валютада шоттарды ашу, жүргізу және жабу;

4.1.15 Қоғамның корпоративті мақсатына жетуге қажетті көлемде импорттық және экспорттық операцияларды атқару;

4.1.16 Мүлікті жалға беру, сату немесе басқа жолмен иелену, соның ішінде жылжымайтын мүлікті, Қазақстан Республикасында және одан тыс жерде,

- және ол мүлікті Қоғамның мақсатында пайдалану немесе оны басқа тұлғаларға субаренда мақсатында жалға беру;
- 4.1.17 Қоғам шаруашылық қызметін атқаруға қажетті немесе ниетті қондырғыларды, материалдарды және қызметтерді сатып алу, және Қазақстан Республикасында және одан тыс жерде жабдықтаушыларды тәуелсіз таңдау;
- 4.1.18 Қазақстан Республикасында және одан тыс жерде кездесулерге, семинарларға, көрмелерге және жәрмеңкелерге қатысу;
- 4.1.19 Қазақстан Республикасында және одан тыс жерде жұмысшыларды жалдау және Қазақстан Республикасына шетелдік жұмысшылардың заңды кіруін және шығуын ұйымдастыру;
- 4.1.20 Кепілдіктер ұсыну және міндеттерді қамтамасыз ету үшін Қоғамның Активтерін кепілдікке қою, соның ішінде теңгеде және басқа валютада қаржыландыруды қоса;
- 4.1.21 Одақтарда, ассоциацияларда және басқа кез-келген бірлестіктерде мүше болу;
- 4.1.22 Қазақстан Республикасында және одан тыс жерде рұқсат етілген инвестициялардың барлық түрін жүзеге асыру;
- 4.1.23 Заңды тұлғаларға рұқсат етілген, Заңнамамен сәйкес құрылған (бұдан әрі «Шаруашылық қызмет»), Қоғамның мақсаттарына жету үшін басқа шаруашылық қызметтерді жүзеге асыру.

Барлық Шаруашылық қызмет қолданыстағы Заңнамаға сәйкес атқарылады, және, қажет болса, қажетті барлық Рұқсат құжаттары алынғаннан кейін атқарылады.

- 42 Құрылтай құжаттарды, Ішкі құжаттарды, Заңнаманы және Жалғыз Акционердің шешімдерін Қоғам басшылыққа алады және оларға сай Шаруашылық қызметін атқарады.
- 43 Қоғам жеке өз атынан, шаруашылық қызметін тиісті атқару принциптерін ұстана отырып, Жалғыз Акционердің мүддесіне қатысты, Жалғыз Акционердің күтулі пайдасына жету мақсатына бағытталған қызметін атқарады, және оған қатысты тәуекелдер мен жауапкершілікке жауапты. Дивидендтер Жалғыз Акционердің шешімі негізінде Құрылтай құжаттарымен анықталған тәртіпте бөлінеді.

5 ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ

51 Қоғамның келесі органдары бар:

- 1) Басқарудың Жоғарғы органы – Жалғыз Акционер;
- 2) Басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) Атқарушы органы – Бас директор;

52 Қоғамның басқа органдары Заңнамаға сәйкес Жалғыз Акционердің шешімімен құрылуы мүмкін.

6 ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР

61 Қоғамды басқарудың Жоғарғы органы болып Жалғыз Акционер белгіленеді.

- 12. Жалғыз Акционері бар Қоғамда Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілмейді. Қазақстан Республикасының Заңнамасымен және осы Жарғымен Акционерлердің жалпы жиналысының құзырына өткен сұрақтар бойынша шешімді Жалғыз Акционер жеке өзі қабылдайды және ондай шешім жазбаша түрде рәсімделеді.
- 13. Жалғыз жарияланған акцияларының бірінші шығарылымы мемлекеттік тіркелу күнінен бастап және Тіркеуші тіркейтін бағалы қағаздарды ұстаушылар жүйесін қалыптастырудан кейін 2 (екі) ай аралығында Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы шешім қабылданады.
- 14. Жалғыз, қаржылық жыл аяқталғаннан кейінгі бес ай аралығында, Жалғыз Акционер, АҚ-дар туралы Заңның 356.2т. сәйкес, акционерлердің жалпы жиналысының құзырына өткен сұрақтар бойынша шешімдер қабылдауға міндетті. Аталған мерзім 3 (үш) айға ұзартылуы мүмкін, егер есепті мерзімге Қоғам қаржысының аудиті аяқталуы мүмкін болмаса.
- 15. Жалғыз Акционердің құзырына өткен сұрақтарды дайындауды Бас директор, немесе бекітілген шартқа сәйкес Тіркеуші, Директорлар кеңесі, ал тарату кезінде тарату комиссиясы жүзеге асырады.
- 16. Заңмен Жалғыз Акционердің қарауына берілетін сұрақтардың міндетті қысқартылуы көзделуі мүмкін.
- 17. АҚ-дар туралы Заңның 376.2т. сәйкес, акционерлердің жалпы жиналысының құзырына өткен сұрақтар бойынша Жалғыз Акционердің қарауына қойылған сұрақтарды Директорлар кеңесі дайындайды.
- 18. Жалғыз Акционердің қарауына қойылған сұрақтарды шешу бойынша шешімдерді Қоғам өтейді, оған АҚ-дар туралы Заңмен бекітілген жағдайлар кірмейді.
- 19. Жалғыз Акционердің қарауына қойылатын сұрақтар бойынша материалдарда сол сұрақтар бойынша негізделген шешім қабылдау үшін қажетті көлемдегі ақпарат берілуі тиіс, және Жалғыз Акционердің қалауымен Жалғыз Акционердің өзі материалдармен орында ол материалдармен танысу мүмкіндігін Қоғам қамтамасыз ету тиіс.
- 20. АҚ-дар туралы Заңның 356.2т. сәйкес, акционерлердің жалпы жиналысының құзырына өткен сұрақтар Жалғыз Акционердің қарауына қойылады, ол сұрақтар бойынша материалға келесі кіреді:
 - 1) Жалғыздың жылдық қаржылық есептілігі, сондай-ақ Қоғамның жылдық есебі;
 - 2) жылдық қаржылық есептілікке аудиторлық есеп;
 - 3) өткен қаржылық жылдағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі туралы және Жалғыздың бір қарапайым акциясын есепке алып жылдың дивиденд көлемін анықтау туралы Директорлар кеңесінің ұсынысы;
 - 4) Жалғыздың және оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне және оларды бағалау қорытындыларына Жалғыз Акционердің жауаптары туралы мәлімет;
 - 5) атқарылған жұмыс бойынша Директорлар кеңесінің жылдық есебі;
 - 6) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша басқа да құжаттар.

- 6.11 Жалғыз Акционердің шешімдері Атқарушы органның орналасу мекен-жайында сақталады және Жалғыз Акционер онымен танысу үшін ол қалаған уақытта оған ұсынылады.
- 6.12 Қоғамның Бас директоры және басқа лауазымды тұлғалары Жалғыз Акционердің өкілі болуға құқығы жоқ, Заңнамамен көзделген жағдайлардан басқа.
- 6.13 Жалғыз Акционерге ұсынылатын күнтәртібін Директорлар кеңесі дайындайды. Жалғыз Акционер немесе Директорлар кеңесі күнтәртібін басқа сұрақтармен толықтыруға құқылы.
- 6.14 Егер Заңнама талаптарымен өзгесі көзделмесе, онда Жалғыз Акционер келесі сұрақтар бойынша бірегей құзырларға ие:
- 6.14.1 Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге немесе оны жаңа редакцияда бекітуге;
 - 6.14.2 корпоративтік басқару кодексін бекітуге, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуге;
 - 6.14.3 Қоғамды ерікті қайтақұруға немесе таратуға;
 - 6.14.4 Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайтуға немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгертуге;
 - 6.14.5 Қоғамның бағалы қағаздары айналымының шарттарын және тәртібін анықтауға, сондай-ақ өзгерістер енгізуге;
 - 6.14.6 Қоғамның қарапайым акцияларына айналатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
 - 6.14.7 Қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін басқа түріне ауыстыру туралы шешім қабылдау, ондай ауыстырудың шарттарын және тәртібін анықтау;
 - 6.14.8 Директорлар кеңесінің сандық құрамын, уәкілеттер мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың уәкілеттерін мерзіміне дейін тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелері өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төлемдерінің көлемін және шарттарын және шығындарының өтемдерін анықтау;
 - 6.14.9 Аудиторларды тағайындау және ауыстыру;
 - 6.14.10 Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін бекіту;
 - 6.14.11 есепті қаржылық жыл (тоқсан немесе жартыжылдық) үшін Қоғамның таза табысын бөлу тәртібін бекіту, тиісті мерзімге Қоғамның қаржылық есептілігіне аудит өткізгеннен кейін, Қарапайым акциялар бойынша Дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау және бір Қарапайым акция есебіне Дивиденд көлемін бекіту;
 - 6.14.12 Қоғамның Қарапайым акциялары бойынша Дивидендтерді төлемеу туралы шешім қабылдау;
 - 6.14.13 Қоғам акцияларының листингі және ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
 - 6.14.14 Қоғам басқа заңды тұлғаларды құру немесе қызметіне қатысу немесе, Қоғамның барлық Активтерін немесе бөлігін беру (алу) арқылы,

- сомасында Қоғамға тиесілі Активтердің 25 (жиырма бес) және одан жоғары пайызын құрайтын, басқа заңды тұлғалардың акционерлері (мүшелері) құрамынан шығу туралы шешімдер қабылдау;
- 6.14.15 Заңнамаға сәйкес сатып алу кезінде Қоғамның акцияларының құнын анықтау әдістемесіне өзгерістерді енгізу;
- 6.14.16 Жалғыз Акционерге Шаруашылық қызмет туралы мәліметті ұсыну тәртібін анықтау, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралын анықтау, егер ондай тәртіп Қоғамның Жарғысымен анықталмаса;
- 6.14.17 «алтын акцияны» енгізу және жою;
- 6.14.18 күнтізбесін бекіту;
- 6.14.19 басқа сұрақтар, олар бойынша шешім қабылдау Заңнамамен Жалғыз Акционердің бірегей құзырына берілген болса.
- 6.15 Жалғыз Акционердің бірегей құзырлығына берілген сұрақтар бойынша шешім қабылдау басқа органдардың, Қоғамның лауазымды тұлғаларының және қызметкерлерінің құзырына берілмейді, егер басқасы Заңнамамен көзделмесе.
- 6.16 Жалғыз Акционер Қоғамның ішкі қызметіне байланысты сұрақтар бойынша Қоғамның органдары қабылдаған кез-келген шешімді жоюға құқылы.
- 6.17 Жалғыз Акционердің шешімі сенімхатпен бірге Жалғыз Акционердің тиісті өкіліне тігіледі, оны Қоғамның Атқарушы органы сақтайды және танысу үшін Жалғыз Акционерге ол қалаған уақытта ұсынылады.

7. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

- 7.1 Директорлар кеңесі Қоғамның қызметіне жалпы басшылық жүргізуге жауапты. Егер басқасы Заңнамамен көзделмесе, келесі сұрақтар Директорлар кеңесінің бірегей құзырына кіреді және Бас директорға өтпейді:
- 7.1.1 Қоғам қызметінің басым бағыттарын және Қоғамның даму стратегиясын анықтау, сондай-ақ Заңнамамен көзделген жағдайда Қоғамның даму жоспарын бекіту;
- 7.1.2 Акцияларды орналастыру туралы шешім қабылдау, соның ішінде жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын акциялардың саны туралы, оларды орналастыру тәсілі және бағасы туралы;
- 7.1.3 Қоғамның орналастырылған Қарапайым акцияларын немесе бағалы қағаздарын сатып алу және оларды сатып алу бағасын анықтау;
- 7.1.4 Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдынала бекіту;
- 7.1.5 Қоғамның жылдық бюджеттерін, орташамерзімді (3 жылдық) және ұзақмерзімді (5 жылдық) Бизнес-жоспарларын бекіту;
- 7.1.6 Директорлар кеңесінің Комитеттері туралы Ережелерді бекіту;
- 7.1.7 Қоғамның Бас директорын сайлау және оның уәкілеттерін мерзіміне дейін тоқтату;
- 7.1.8 Бас директордың лауазымдық жалақысының көлемін және жалақысы мен сыйақыларын төлеу шарттарын анықтау;

- 7.1.9 Ішкі аудит бойынша комитеттің сандық құрамын анықтау, оның жетекшісін және мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың уәкілеттерін мерзіміне дейін тоқтату, ішкі аудит бойынша комитет жұмысының тәртібін, ішкі аудит бойынша комитет қызметкерлерінің жалақысын төлеу көлемін, шарттары мен сыйақылауын анықтау;
- 7.1.10 Корпоративтік хатшыны тағайындау, оның уәкілеттері мерзімін анықтау, уәкілеттерін мерзіміне дейін тоқтату, сондай-ақ оның лауазымдық жалақысының көлемін, корпоративті хатшыға (ол болған жағдайда) жалақыны төлеу және сыйақылау шарттарын анықтау;
- 7.1.11 Аудиторлардың және Эксперттердің уәкілеттері мерзімін және сыйақылау көлемін анықтау;
- 7.1.12 Қоғамның Ішкі құжаттарын бекіту (Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында Бас директор қабылдайтын құжаттардан басқасы), соның ішінде аукциондарды өткізу шарттарын және тәртібін және Қоғамның бағалы қағаздарына қол қоюды анықтайтын құжат;
- 7.1.13 Қоғамның филиалдарын және өкілдіктерін құру және жою туралы шешім қабылдау және олар туралы Ережелерді бекіту;
- 7.1.14 Қоғамның міндеттерін ұлғайту туралы шешім қабылдау, егер ол көрсеткіш Қоғамның жеке капиталы көлемінің он және одан көп пайызын құрайтын болса;
- 7.1.15 Қоғам басқа заңды тұлғалардың 10 (он) және одан көп пайыз акцияларын (қатысу үлесін) сатып алу (сату) туралы шешім қабылдауы;
- 7.1.16 Заңды тұлғаның, егер оның 10 (он) және одан көп пайыз акциясы (қатысу үлесі) Қоғамға тиесілі болса, акционерлерінің (мүшелерінің) жалпы жиналысының құзырына кіретін қызметтің сұрақтары бойынша шешім қабылдау;
- 7.1.17 Қоғамның қызметтік және коммерциялық құпиясын құрайтын Қоғам немесе оның Қызметі туралы мәліметтерді анықтау;
- 7.1.18 Қоғамның Ірі мәміле немесе мүдделі Мәміле бекітуі туралы шешім қабылдау;
- 7.1.19 Қоғам бекітетін түрлі займдар және несиелер жайлы келісімдерді қабылдау және бекіту туралы шешім қабылдау;
- 7.1.20 Қоғамның мүлкін кепілдікке ұсыну және Қоғамның түрлі кепілдіктерін беру туралы шешім қабылдау;
- 7.1.21 Бас директордың ұсынысымен Қоғамның штаттық санын және ұйымдастыру құрылымын бекіту;
- 7.1.22 Заңнамамен және осы Жарғымен көзделген басқа сұрақтар, Жалғыз Акционердің бірегей құзырына кірмейтін.
- 7.2 Директорлар кеңесі 3 (үш) Директордан құралады, олар Жалғыз Акционердің шешімімен сайланады, олардың 1 (біреуі) Тәуелсіз директор болады.
- 7.3 Директорлар кеңесінің отырысы кворумға ие болады, егер онда кем дегенде 2 (екі) Директор қатысып отырса. Жоғарыда айтылғанға қарамастан, егер отырысты өткізуге белгіленген уақыттан 30 минут өткен аралықта Директорлар кеңесінің кворумы болмай қалса, жоспарланған Директорлар кеңесінің отырысы кворум болмаған себеппен бірінші отырыс бекітілген күннен бастап 7 (жетінші) жұмыс

күніне белгіленеді және дәл сол уақытта және орында өткізіледі. Егер қайта белгіленген Директорлар кеңесінің отырысында белгіленген уақыттан бастап бір сағат аралығында кворум болмаса, онда Директорлар кеңесінің отырысы таратылады.

7.4 Директорлар кеңесінің жиналысында әр Директор тек 1 (бір) дауысқа ие. Директорлар кеңесінің шешімі осы отырысқа қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелерінің бірдауыстан қабылдау шешімімен қабылданады.

7.5 Қаржылық жыл басталған кезге дейін Директорлар кеңесі Төрағаны сайлайды, ол Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, отырыстарына шақырады және оларды жүргізеді, сондай-ақ Заңнамамен және осы Жарғымен анықталған қызметтерді атқарады. Бас директор Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайланбайды.

Бірінші Төраға бастапқы мерзім 1 (бір) жылға сайланады. Одан кейін Директорлар кеңесі Төрағаны 3 (үш) жылға сайлайды. Егер Төраға Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтын болса, онда Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің отырысына басқа Директорды Төрағаның орынбасары етіп тағайындайды.

7.6 Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысы шақырылатыны туралы отырыс күнінен 3 (үш) күннен кеш емес мерзімде жазбаша ескерту жіберіледі, оған қосымша отырыс күнтәртібінің сұрақтары бойынша материалдар жолданады. Ондай ескертуде отырыстың өтетін күні, уақыты және орны жазылады, сонымен қатар күнтәртібі де жазылады.

7.7 Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдері, отырыста қабылданған, хаттамамен рәсімделеді, оған отырыста төрағалық жүргізген тұлға және Қоғамның Корпоративті хатшысы (егер ол болмаған жағдайда Директорлар кеңесі отырысының хатшысы) қол қояды, хаттама отырыстан кейінгі 3 (үш) күн аралығында рәсімделеді.

7.8 Директорлар кеңесінің отырысын өткізудің орнына Төраға әр Директорға жазбаша түрде Директорлар кеңесінің қабылданған шешімі туралы ұсыныс жіберуге құқылы, ол ұсынысқа дауыс беру бюллетені қоса жолданады. Әр Директор ондай ұсыныс бойынша өзінің шешімін жазбаша түрде Төрағаға және басқа Директорларға ондай ұсынысы бар ескертуді алған күннен бастап 15 (он бес) күнде хабарлайды. Әр ондай дауыс есепке алынады, Директорлар кеңесінің отырысында дәл сол тұлғаның өзі дауыс берген тәрізді. Ондай ұсынысы бар ескертуді алған әр Директор 5 (бес) күн аралығында ол ұсыныс Директорлар кеңесінің отырысында қаралуын талап етуге құқылы, жоғарыда аталған ескерту түрінде емес. Ондай жағдайда Төраға Директорлар кеңесінің отырысын шақырады және ұсыныс сол отырыста қаралады. Егер Директорлар кеңесінің отырысын шақыру талабы болмаса, жоғарыда айтылғандай, онда Төраға жоғарыда аталған мерзімнен кейін дереу 15 (он бес) күнде басқа Директорларды дауыс беру нәтижелері туралы ескертеді.

7.9 Кез-келген Директор Директорлар кеңесінің кез-келген отырысына телефон немесе видеоконференция немесе байланыстың басқа құралдары арқылы қатысуға құқылы, ол құралдар арқылы барлық Директорлар бірін-бірі естіп отыруы шарт, ондай отырысқа қатысатын барлық Директорлар келісуі де шарт. Отырысқа

мұндай тәсілмен қатысу, осы 7.7. бапта көрсетілгендей, отырыста жеке басы қатысумен тең, және ондай тәсілмен берілген дауыстар есепке алынады, Директорлар кеңесінің отырысында дәл сол тұлғаның өзі дауыс берген тәрізді.

8. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

8.1 Қоғамда, аса маңызды сұрақтарды қарау және олар бойынша Директорлар кеңесіне ұсыныстар жасау үшін, Директорлар кеңесінің келесі Комитеттері құрылады:

- a) Стратегиялық жоспарлау комитеті;
- b) Кадрлар және сыйақылау мәселелері комитеті;
- c) Ішкі аудит комитеті;
- d) Әлеуметтік мәселелер комитеті.

8.2 Директорлар кеңесінің Комитеттері Директорлар кеңесінің мүшелерінен және Эксперттерден құралады, олар нақты комитеттегі жұмысына лайықты кәсіби білімді болуы керек.

8.3 Директорлар кеңесінің әр Комитетін Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады, ол Қоғамның Бас директоры болмауы керек. Бап 8.1 (a)-(d) бөлігінде көрсетілген комитеттердің Тарапында тек Тәуелсіз директорлар болуы шарт.

8.4 Директорлар кеңесі Комитеттерінің құрылу және жұмыс тәртібін Директорлар кеңесі бекіткен Қоғамның Ішкі құжаттарымен анықтайды.

8.5 Директорлар кеңесі бекіткен Қоғамның Ішкі құжатымен басқа сұрақтар бойынша Директорлар кеңесінің Комитеттері құрылуы мүмкін.

9. АТҚАРУШЫ ОРҒАН

9.1 Бас директор ағымдағы басшылыққа және Шаруашылық қызмет Жарғының талаптарына, Жалпы Ақционердің, Директорлар кеңесінің шешімдеріне, Ішкі құжаттарға сәйкес атқарушына жауапты. Бас директорды, Жарғының ережелеріне және Заңнаманы сәйкес, Директорлар кеңесі лауазымға тағайындайды және лауазымын бекіткен.

9.2 Қоғамның Бас директоры Қоғамның атынан жеке өзі түрлі мәмілелер немесе басқа әрекеттер жасауға құқылы, егер олардың нәтижесінде, тек Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен тиісті күнтізбелік жылға бюджет аясында, Қоғамда ақшалай міндеттер туындаса немесе туындайтын болса.

9.3 Бас директор Заңнаманы сәйкес сенімхат рәсімдеп, өз уәкілеттерін басқаға беруге құқылы. Егер болған жағдайда Бас директор Бас директордың орынбасарына, бұйрық және сенімхат арқылы, өз уәкілеттерін бере алады. Ондай бұйрық болмаған жағдайда, егер Бас директор 7 (жеті) жұмыс күні қатар өз міндеттерін атқара алмаса, Директорлар кеңесінің отырысы шақырылады, онда жаңа Бас директор сайланады. Директорлар кеңесі жаңа Бас директорды сайлағанға дейін Бас директордың міндеттерін Бас директордың орынбасары атқарады.

9.4 Директорлар кеңесі Бас директорын 3 (үш) жылға сайлайды.

- 9.5 Егер Бас директор, Жарғыға және Заңнамаға сәйкес, жұмыстан мүлдем кетсе немесе басқа лауазымға ауысса, онда Директорлар кеңесі, кеткен Бас директордың уәкілеттер мерзімі аяқталғанға дейін, басқа Бас директорды сайлайды.
- 9.6 Бас директор:
- 9.6.1 Жалғыз Акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады;
 - 9.6.2 үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Қоғамның атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
 - 9.6.3 үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Қоғамды ұсыну құқығына сенімхаттар береді;
 - 9.6.4 Қоғам қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды, ауыстырады және босатады, оларға тәртіптік жаза қолданады, Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен штаттық кестеге сәйкес лауазымдық жалақының, жалақыға үстемелердің көлемін анықтайды, Қоғам қызметкерлерінің сыйақылары көлемін анықтайды;
 - 9.6.5 Директорлар кеңесі шешімінің негізінде және тапсырмасымен Бас директордың орынбасарымен еңбек шартына қолқояды;
 - 9.6.6 Өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін атқаруды Бас директордың орынбасарына жүктейді;
 - 9.6.7 Қоғамның заң консультанттарын тағайындайды және оларды алмастырады;
 - 9.6.8 Заңнамамен және Құрылтай құжаттарымен бекітілген тәртіпте Қоғамның атынан мәмілелер бекітеді;
 - 9.6.9 Шешімдер (қаулылар) қабылдайды және Қоғамның барлық қызметкерлері орындауға міндетті тапсырмалар береді;
 - 9.6.10 Қоғамның Шаруашылық қызметіне қатысты мәліметтермен Директорлар кеңесін, олар өз қызметтерін атқаруы үшін, мерзімді қамтамасыз етіп тұрады, соның ішінде конфиденциалды сипаттағы мәліметтерді, сұранысты алған күннен бастап 10 (он) күннен кеш емес аралықта;
 - 9.6.11 Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметі, еншілес компаниялары туралы консолидацияланған ақпаратты әзірлейді, мақұлдайды және Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсынады;
 - 9.6.12 Қоғамның ішкі қызметінің сұрақтары бойынша шешімдер қабылдайды;
 - 9.6.13 Жалғыз Акционер және Директорлар кеңесі оған ұсынған басқа уәкілеттерді атқарады.
- 9.7 Бас директормен Еңбек шартына Қоғамның атынан Директорлар кеңесінің Төрағасы қолқояды.
- 9.8 Бас директор өз міндеттерін атқаруында АҚ-дар туралы Заңмен бекітілген Қоғамның лауазымды тұлғаларының жүріс-тұрыс принциптерін ұстанады.

10. АҚПАРАТТЫ АШУ

- 10.1 Қоғам Жалғыз Акционерге Қоғамның қызметі туралы ақпаратты ашуға міндетті, егер ол ақпарат Жалғыз Акционердің мүддесіне қатысты болса, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей:
- 10.1.1 Жалғыз Акционермен және Директорлар кеңесімен қабылданған сұрақтардың тізілімі бойынша шешімдер, егер ондағы ақпарат, Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес, Жалғыз Акционердің және инвесторлардың назарына жеткізілуі тиіс болуы;
 - 10.1.2 Қоғамның акциялар және басқа бағалы қағаздар шығаруы және Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы уәкілетті органның есебін, Қоғамның бағалы қағаздарын өтеу қорытындылары туралы есепті, Қоғамның бағалы қағаздарын уәкілетті орган жоюы туралы есепті бекітуі;
 - 10.1.3 Қоғам Ірі мәміле немесе Мүдделі мәміле бекітуі;
 - 10.1.4 Қоғамның мүлкін кепілдікке (қайтакепілдікке) беруі, егер оның сомасы Қоғам Активтерінің 25 (жиырма бес) және одан жоғары пайызын құраса;
 - 10.1.5 Қоғам қаржыландыру алуы, егер оның көлемі Қоғам Активтерінің 25 (жиырма бес) және одан жоғары пайызын құраса;
 - 10.1.6 Қоғам түрлі қызметтер атқаруы үшін лицензиялар алуы, түрлі қызметтерді атқаруға Қоғамның ертеректе алған лицензияларының әрекеті тоқтатыла тұрса немесе мүлдем тоқтатылса;
 - 10.1.7 Қоғамның заңды тұлға құруға қатысуы;
 - 10.1.8 Қоғамның мүлкі арестке қойылуы;
 - 10.1.9 Төтенше жағдай сипатындағы жағдайлар орын алуы, егер оның салдарынан Қоғамның мүлкі жойылса, мүліктің баланстық құны Қоғам Активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан жоғары пайызын құраса;
 - 10.1.10 Қоғамды және оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тартуы;
 - 10.1.11 Корпоративтік дау бойынша сотта іс қозғау;
 - 10.1.12 Қоғамды мәжбүрлі қайтақұру туралы шешім;
 - 10.1.13 Жарғыға, сонымен қатар Қоғамның бағалы қағаздарын шығару проспектісіне сәйкес, Жалғыз Акционердің мүдделеріне қатысты басқа жағдайлар.
- 10.2 Қоғам, Жалғыз Акционердің жазбаша талабымен, бап 12.1. көрсетілген құжаттардың баспа көшірмелерін 10 (он) күн аралығында оған ұсынуға міндетті. Ол қызметтің төлемі жасалған көшірмелердің бағасынан жоғары болмауы тиіс.
- 10.3 Қоғам қызметтік, коммерциялық немесе Заңнамамен қорғалатын құпия ақпаратқа ие қоғам қызметкерлерінің тізімін жүргізеді.
- 10.4 Заңнамамен талап етілген жағдайларда, және ондай талаптар шегінде, Қоғам жоғарыдағы ақпаратты жариялауға немесе басқа жолмен Жалғыз Акционерге және инвесторларға ашуға міндетті, оларды ашуға анықталған мерзімде. Жариялау мақсатында Қоғам "Егемен Қазақстан" немесе «Казахстанская правда» республикалық газеттерін немесе «Юридическая газетаны» пайдаланады.

11. ҚОҒАМНЫҢ АФФИЛИРЛІ ТҰЛҒАЛАРЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРДІ АШУ

- 11.1 Қоғам, өзінің Аффилірлі тұлғаларының есебін олар ұсынған мәліметтер немесе Тіркеуші ұсынған мәліметтер негізінде, Заңнамаға сәйкес жүргізуге міндетті.
- 11.2 Жеке және заңды тұлғалар, Қоғамның Аффилірлі тұлғалары болып табылатын, Қоғамға 7 (жеті) күн аралығында аффилірлі тұлғалар туралы аффилірлі мәліметтердің туындауын ұсынуға міндетті.
- 11.3 Қоғам, өзінің Аффилірлі тұлғаларының тізімін уәкілетті мемлекеттік органға, Заңнамамен бекітілген тәртіпте ұсынып тұруға міндетті.

12 ҚОҒАМНЫҢ ҚАЙТАҚҰРЫЛУЫ

- 12.1 Қоғамның қайтақұрылуы (бірігуі, қосылуы, бөлінуі, бөлініп шығуы, жаңаруы) ерікті түрде, Заңнамамен анықталған тәртіпте, Жалғыз Акционердің шешімімен жүзеге асады.
- 12.2 Заңнамамен анықталған жағдайларда, Қоғам уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе соттың шешімімен қайтақұрылуы мүмкін.
- 12.3 Қайтақұрылу жағдайында Қоғамның Жарғысына, Заңнамаға және Жарғыға сәйкес, өзгерістер енгізіледі.

13 ҚОҒАМНЫҢ ТАРАЛУЫ

- 13.1 Қоғам соттың шешімімен немесе ерікті түрде, Заңнамамен бекітілген негіздерде және тәртіпте, таратылады.
- 13.2 Жалғыз Акционер немесе сот тағайындаған тарату комиссиясы Қоғамды таратуды жүзеге асырады.
- 13.3 Тағайындалған тарату комиссиясы Қоғамның меншігін және істерін басқару бойынша міндеттерді өзіне қабылдайды.
- 13.4 Қоғам Құрылтай құжаттарына және Заңнамаға сәйкес таратылады.
- 13.5 Тарату процедуралары аяқталғаннан кейін қалған мүлік Заңнамаға сәйкес бөлінеді.

14 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 14.1 Осы Жарғыдағы баптардың атаулары ережелердің талқылануына әсер етпейді.
- 14.2 Осы жарғымен көзделмеген кез-келген сұрақтар Заңнамаға, Құрылтай құжаттарына, Жалғыз Акционердің шешімдеріне, Ішкі құжаттарға және орындалуға міндетті құжаттарға сәйкес реттеледі.
- 14.3 Егер осы Жарғының ережелерінің бірі өз күшін жойса, бұл басқа ережелерге қатысты болмайды. Ондай заңсыз ереже басқа, Заңнамамен рұқсат етілген ережемен ауыстырылуы тиіс.

- 1. Жарғы ескертулер орыс тілінде жасалады және электронды поштамен жолданады, ал басқасы Жарғымен, Қоғам органдарының шешімдерімен және Заңнамамен анықталмаса.
- 2. Жарғы Тіркелу күнінде күшіне енеді.
- 3. Осы Жарғы орыс және қазақ тілдерінде жасалған, мәтіндер тең заңды күшіне ие; бірақ әр тілдегі Жарғының мәтіндері арасында қайшылықтар немесе сәйкессіздіктер анықталса, онда орыс тіліндегі мәтін үстемдік күшіне ие болады, Жарғы Акционер сәйкессіздікті жою үшін қазақ тіліндегі мәтінге өзгерістер енгізуі тиіс.

ҚОҒАМДА АЙТЫЛҒАНДЫ РАСТАУ ҮШІН Құрылтайшы осы Жарғыны Алматы Республикасында, орыс және қазақ тілдеріндегі 4 (төрт) экземплярға «14» маусым қол қойды.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ АТЫНАН:

Курбанов Борис Александрович

